

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
L.N. Gumilyov Eurasian National University



«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»

атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ
ФИНАНСОВО-БАНКОВСКОГО СЕКТОРА
В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**,
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS

of the International Scientific and Practical Conference
**«MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT
OF THE FINANCIAL AND BANKING SECTOR IN CONDITIONS
OF ECONOMIC UNCERTAINTY»**,
(June 10-11, 2022)



Нұр-Сұлтан/ Nur-Sultan, 2022



Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК
СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»**
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ
Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ФИНАСОВО-
БАНКОВСКОГО СЕКТОРА В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ
НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS
of the International Scientific and Practical Conference
**" MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF THE FINANCIAL AND
BANKING SECTOR UNDER ECONOMIC UNCERTAINTY "**
(June 10-11, 2022)

Нур-Султан, 2022
Nur-Sultan, 2022

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73
Э 40

Рецензенты: Макыш С.Б., д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева
Шаяхметова К.О., д.э.н., профессор, университет Туран-Астана

Редакционная коллегия

Насырова Г.А. - заведующая кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Жоламанова М.Т. - к.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Рахимжанова К.К. - доктор PhD, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Айтказина А.А. – преподаватель, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Мисник О.В. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Керимкулова Д.Д. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан

ISBN 978-601-337-682-0

«Экономикалық белгісіздік жағдайында қаржы-банк секторын дамытудың қазіргі заманғы үрдістері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектер жинағы / Насырова Г.А. жалпы редакциясымен. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. - 337 с.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Современные тенденции развития финансово-банковского сектора в условиях экономической неопределенности»/ под общей ред. Насыровой Г.А. - Нур-Султан: Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022.- 337 с.

Proceedings of the International Scientific and Practical Conference " Modern trends in the development of the financial and banking sector under economic uncertainty "/Under the General editorship of Nasyrova G.A.- Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 337 p.

ISBN 978-601-337-682-0

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022
© Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

қозғалысы, оның ішінде нарықтың жаңа техникалық инфрақұрылымының, трансакциялардың жоғары жылдамдығын, нарықтардың ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ететін ақпаратты өңдеу және телекоммуникациялар саласындағы техникалық жетістіктердің арқасында мүмкін болады. Жаңа байланыс құралдары, компьютерлендіру экономиканың барлық секторларының, соның ішінде қаржылық секторлардың өмір сүруінің материалдық негізін түбегейлі өзгертті. Электрондық, оның ішінде интернет-технологиялар негізінде қаржы нарықтарын жаһандық технологиялық қайта жарактандырудың оң салдары бәсекелестікті жандандыру, банк қызметтерінің сапасын арттыру, оларды әртараптандыру, жаңа туынды қаржы құралдарымен операциялар көлемін едәуір ұлғайту мүмкіндігі болып табылады.

Банк қызметін цифрландыру қолданыстағы бизнес-модельдерді түзетуге ғана емес, оларды жаһандық қайта қарауға әкелуі мүмкін. Көптеген ірі банктердің қазіргі бизнес-модельдерінің шекарасын кеңейтуге мүмкіндік беретін құралдары мен мүмкіндіктері бар сияқты. Олар үшін мүмкін болатын кедергілер-тұрақты нәтижелерге қол жеткізу үшін негізгі күшті қалай тиімді пайдалану керектігі туралы белгісіздік.

Қорытындылай келе, тұрақсыз макроэкономикалық жағдайында цифрландыру банк бизнес-модельдеріне банк саласында белсенді дамуға және дағдарыстан кейінгі кезеңде өз тәсілдерін қайта құрылымдауға мүмкіндік береді. Жаһандану және инновациялық даму – қазіргі қаржылық және жалпы экономикалық өмірді анықтайтын екі тенденция банктік бизнеске қарама-қайшы әсер етеді. Біріншіден, жаһандану банк алдында жаңа мүмкіндіктер ашады, ал екінші жағынан, дәстүрлі және жаңа бәсекелестердің қысымын күшейтеді, олардың даму стратегиясына әсер ететін стандартты емес, жылдам шешімдерді талап етеді.

Әдебиеттер:

1. Международная торговая палата (ICC) // Официальный сайт. Мировая глобализация. [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.iccwbo.ru/blog/2016/mirovaya-globalizatsiya-i-vzaimodeystvie/> (қаралым: 03.12.2021)
2. Никитина, Т.В. Теория и методология банковского надзора в условиях финансовой глобализации. [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.dslib.net/finansy/teorija-imetodologija-bankovskogo-nadzora-v-uslovijah-finansovoj-globalizacii.html> (қаралым: 17.03.2022)
3. Муравьева, А.В. Банковские инновации: мировой опыт и российская практика. - М., 2005. – 137 с.
4. Digitalizing Intelligence: AI, Robots and the Future of Finance // Institute of international finance. [Электронный ресурс] – URL: https://www.iif.com/portals/0/Files/private/ai_report_copy.pdf (қаралым: 12.07.2021)
5. King, B. Bank 4.0: banking everywhere, never at bank. – Singapore: Marshall Cavendish Business, 2018. – 347 p.

ӘОЖ 33

САНКЦИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАНК СЕКТОРЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ӘСЕРІ

Отарова М.С.

*магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-сұлтан қ, Қазақстан Республикасы
E-mail: otarova_00_00@mail.ru*

Аңдатпа. Мақалада санкция салдарынан Қазақстан банк секторындағы қаржылық тәуекелдердің түрлері ажыратылып оларға анықтама берілді. Банк секторында орын алып жатқан валюталық, несиелік және нарықтық тәуекелдердің пайда болу себептері және бір-бірінен немен ерекшелетіндіктері көрсетілген. Салынған санкциялардың қазақстандық

банктерге нақты қалай әсер етіп жатқандығы және банктердің тәуекелдерді азайту жолдары және тәуекелдердің алдағы болжамдары жасалған.

Кілт сөздер: антиресейлік санкция, қаржылық тәуекелдер, қаржылық жағдай, валюталық тәуекел, нарықтық тәуекел, несиелік тәуекел, банк.

Зерттеу әдістері: ақпарат көздерімен танысу, бақылау, талдау.

Зерттеу мақсаты. Мақала санкцияның қазақстандық банк секторындағы қаржылық тәуекелдерге әсерін талдау және болжамдар жасауға бағытталған.

Кіріспе. Берілген мақалада антиресейлік санкциялардың қазақстандық банк секторына тигізген қаржылық тәуекелдер туралы айтылады. Мақала жазу барысында 2 міндет қойылды: олардың туындау себептерін анықтау және алдағы уақытта қалай өзгеретіндіктеріне болжам жасау.

Ресей Федерациясына салынған санкциялар Ресей Федерациясының Қазақстандағы еншілес банктік құрылымдарына ғана емес, сонымен қатар қазақстандық банк секторында валюталық, несиелік және нарықтық тәуекелдерінің орын алуына әсер етті. Салынған санкциялардың қазақстандық банктерге кері әсері байқалмайды. Сонымен қатар қазақстандық банктердің қазіргі қаржылық жағдайына талдау жасалды.

Зерттеудің нәтижелері. Зерттеу барысында санкция әсерінен қазақстандық банк секторында орын алып жатқан тәуекелдер түрлеріне анықтама беріліп және олардың туу себептері мен одан арғы жағдайына болжамдар жасалды.

Антиресейлік санкциялар Ресей Федерациясының Қазақстандағы еншілес банктік құрылымдарындағы қаржылық жағдайды өзгеріссіз қалдырмады. Бірінші кезекте ол «Сбербанк» АҚ, «Альфа-Банк» АҚ ЕБ және «Банк ВТБ» АҚ еншілес ұйымдары. Жоғарыда аталып өткен банктермен бірге Қазақстанда жалпы 22 банк қызмет көрсетеді.

Ресей Федерациясына салынған санкциялар Қазақстандағы ресейлік еншілес банктерге әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар қазақстандық банк секторында қаржылық тәуекелдердің тууына себепкер болды. Қазақстандық банк секторында орын алған қаржылық тәуекелдер 3 арнаны құрайды: валюталық, несиелік және нарықтық тәуекелдер.

Валюталық тәуекел – бұл әртүрлі бағамдар бойынша шетел валютасын сатып алу және сату кезінде шығын болуы мүмкін жағдай. Валюталық тәуекел немесе бағамдық жоғалтулар бойынша тәуекел банк операциялар нарығын интерұлттандырумен және трансұлттық кәсіпорындар мен банк мекемелерінің құрылуымен және олардың қызметтерінің диверсификациясымен тығыз байланысты. Сонымен бірге айырбас бағамдарының бір-біріне қатысты өзгеруі көптеген факторларға байланысты, мысалы: ішкі өзгерістерге байланысты валюталардың құны, елден елге ақша ағындарының тұрақты қозғалысы, спекуляция және т.б. Кез келген валютаны сипаттайтын негізгі фактор - бұл резиденттер мен резидент еместердің валютасына деген сенім деңгейі [3].

Валюталық тәуекелді азайту үшін әртүрлі жағдайларда келесі хеджирлеудің негізгі әдістері ұсынылады:

Ұлттық валютаның күнсыздануы күтілетін жағдайда:

- ұлттық валютаны сату, мәміленің екінші валютасын таңдау,
- ұлттық валютадағы бағалы қағаздармен операциялар көлемін қысқарту, қолма-қол ақша сомасын азайту;
- ұлттық валютадағы дебиторлық берешекті өндіріп алуды жеделдету;
- өндіріп алуды кейінге қалдыру, шетел валютасындағы дебиторлық берешекті жинақтауды бастау;
- ұлттық валютадағы кредиторлық берешекті төлеуді кейінге қалдыру,
- ұлттық валютадағы қарыз алуды (аударуды) арттыру,
- валюталық өнімдердің импортын жеделдету және ұлғайту,
- шетелдік акционерлерге, серіктестерге, кредиторларға сыйақыны, жалақыны, дивидендтерді және т.б. төлеуді жеделдету,

– шот-фактураларды импорттаушыларға ұлттық валютада және экспорттаушыларға шетел валютасында жіберу;

Ұлттық валюта бағамының өсуі күтілетін жағдайда бірінші жағдай үшін сипатталған әрекеттерге қарама-қайшы әрекеттерді орындау ұсынылады.

Біздің еліміздің жағдайында валюталық тәуекелдердің өсуі валюта бағамының көтерілуімен және шетел валютасында несие алған қарыз алушылардың қарыздық жүктемесінің ұлғаюымен байланысты. Біз банктер басқаратын тәуекелдердің әсерін бағалаймыз, өйткені шетел валютасындағы несиелердің үлесі 12% құрайды. Сонымен бірге бұл қарыз алушылардың шетел валютасындағы кірістері бар, бұл олар үшін валюталық тәуекелдерді болдырмайды.

1-кестеге сәйкес, қазақстандық банк секторларында заңды және жеке тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының өскендігін байқауымызға болады. 2022 жылдың қаңтар және наурыз айларын салыстыратын болсақ, заңды тұлғалардың ағымдағы шоттардағы салымдары 48,7%-тен 50,4%-ке дейін өскен, ал жеке тұлғалардың салымдары 19,2%-тен 28,9%-ке артқан. Жинақтық салымдарға тоқталатын болсақ, заңды тұлғалардың салымдары 5% өсіп, 95,7 млрд. теңгені құрады, ал жеке тұлғалардың салымдары тұрақтылықты ұстап тұр. Бұл банк клиенттерінің шетелдік валютаға сенісдерінің артқандығын көрсетеді.

1 кесте – Қазақстан Республикасының банк секторының салымдарының құрылымы

Көрсеткіштер	01.01.2022			01.03.2022		
	Барлығы	оның ішінде шетел валютасында	Үлес, %	Барлығы	оның ішінде шетел валютасында	Үлес, %
Клиенттердің жалпы салымдары, соның ішінде:	26 014,8	9 647,4	37,1	26 610,2	10 891,5	40,9
Ағымдағы шоттар, соның ішінде:	8 148,4	3 275,6	40,2	8 857,8	3 986,0	45,0
Заңды тұлғалар	5 792,3	2 823,1	48,7	6 627,2	3 341,2	50,4
Жеке тұлғалар	2 356,1	452,5	19,2	2 230,6	644,8	28,9
Сұранысқа дейін, оның ішінде:	1 028,3	167,6	16,3	1 072,4	211,5	19,7
Заңды тұлғалар	134,8	71,4	53,0	125,0	82,9	66,3
Жеке тұлғалар	893,6	96,2	10,8	947,4	128,7	13,6
Шұғыл, соның ішінде:	15 382,8	5 887,6	38,3	15 180,8	6 367,8	41,9
Заңды тұлғалар	6 268,4	1 853,9	29,6	5 721,9	1 862,0	32,5
Жеке тұлғалар	9 114,4	4 033,7	44,3	9 458,9	4 505,8	47,6
Жинақтық, соның ішінде:	1 248,4	172,6	13,8	1 272,5	162,1	12,7
Заңды тұлғалар	182,8	110,0	60,2	146,1	95,7	65,6
Жеке тұлғалар	1 065,6	62,5	5,9	1 126,4	66,3	5,9
Шартты, соның ішінде:	207,0	144,0	69,6	226,8	164,1	72,4
Заңды тұлғалар	202,5	144,0	71,1	222,6	164,0	73,7
Жеке тұлғалар	4,5	0,0	0,4	4,1	0,0	0,7

Ескерту: [2] дерек көз бойынша құрастырылды

Несиелік тәуекел – контрагенттердің, яғни қарыз алушылардың келісім шарттарына сәйкес пайыздар мен негізгі қарызды төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындай алмауының нәтижесінде банктің қаржылық активті жоғалту ықтималдығы [3].

2-кестеде қазақстандық банк секторындағы заңды тұлғалардың несиесінің жағдайы көрсетілген. Кестеге сүйенетін болсақ, Мерзімі өткен негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы жоқ несиелер және 1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен несиелер құрылымда кішігірім өзгерістер болғандығын көруімізге болады. 61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен несиелердің 2,0 млрд теңгеге азайған. 90 күннен астам мерзімі өткен несиелер тұрақты күйде қалған. 31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен несиелердің наурыз айында туындап, 3,5 млрд теңгені құрап отыр. 90 күннен астам мерзімі өткен несиелерді олар бойынша провизиялармен жабу коэффициенті 82,6%-тен 76%-ке төмендеген.

Қазақстанда орын алып жатқан жайттарға сүйенетін болсақ, теңгенің айырбас бағамының өзгеруіне, импорттың қамбаттауы мен тауарларды жеткізу тізбегінің бұзылуы және тауарларды жеткізудің кешігуі нәтижесінде қарыз алушылардың қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты банк капиталына несиелік тәуекелдер қысым түсіруі мүмкін деген болжамдар бар.

2 кесте – Заңды тұлғалардың несиелер құрылымы

Көрсеткіш	01.01.2022		01.03.2022		Өсу, %
	негізгі сомасы қарыз, млрд теңге	Жалпыдан %-бен	негізгі сомасы қарыз, млрд теңге	Жалпыдан %-бен	
Заңды тұлғаларға берілген несиелер, оның ішінде:	3 709,6	100	3 647,9	100	-1,7%
Мерзімі өткен негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы жоқ несиелер	3 607,5	97,2	3 559,8	97,6	-1,3%
1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен несиелер	23,1	0,6	6,7	0,2	-71,2%
31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен несиелер	0,0	0,0	3,5	0,1	0,0%
61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен несиелер	4,0	0,1	2,0	0,1	-49,1%
90 күннен астам мерзімі өткен несиелер	74,9	2,0	75,9	2,1	1,3%
90 күннен астам мерзімі өткен несиелерді олар бойынша провизиялармен жабу коэффициенті	82,6%		76,0%		

Ескерту: [2] дерек көз бойынша құрастырылды

Нарықтық тәуекелдер – сауда портфелінің қаржы құралдарының нарықтық құнының, пайыздық мөлшерлемелердің, сондай-ақ валюта бағамдарының немесе бағалы металдардың өзгеруіне байланысты банктің қаржылық шығындарының тәуекелдері. Нарықтық тәуекелдердің басқа банктік тәуекелдерден ерекшелігі олардың нарық конъюнктурасына тәуелділігі болып табылады [3].

Қаржы институттары үшін нарықтық тәуекелдер қазірдің өзінде жүзеге асты. Ресейлік қаржы құралдарының құнының төмендеуі және Ресей Федерациясының егеменді рейтингін қайта қарау қаржы институттары портфеліндегі құралдар құнының құнсыздануына әкелді. Ресей Федерациясының қаржы құралдарының жалпы үлесі банк активтерінің шамамен 1,3%,

брокерлік ұйымдар үшін - 7,6%, сақтандыру компаниялары үшін - 5,2% құрайды. Бұл құралдардың құнсыздануынан мүмкін болатын шығын 300 млрд теңгеге бағаланады [1].

Салынған санкциялардың қазақстандық банктерге кері әсері байқалмайды. Валюта бағамының құбылмалылығы аясында қазақстандық банктер шетел валютасына сұраныстың артуын толығымен қамтамасыз етіп отыр.

Қазақстанның банк секторының меншікті капиталы 4,6 трлн. Екінші деңгейлі банктерде шамамен 11,6 трлн теңгені немесе активтердің 31,3%-ын құрайтын жоғары өтімді активтер қоры бар. Капитал қорының жоғары деңгейі және жоғары өтімді активтер банктерге қаржы нарығында қалыптасып жатқан күйзелістерді жұтуға мүмкіндік береді [2].

Қорытындылай келетін болсақ, санкциялардың салдары мен валюта бағамының тұрақсыздығы қазақстандық банктердің валюталық позициясы мен валюталық өтімділігіне әсер етеді. Бұл тәуекелдер халықтың шетел валютасын сатып алуға, оның ішінде банктердің валюталық активтері мен міндеттемелерінің теңгерімінің бұзылуына әкелетін депозиттер бойынша конверсиялық операцияларға сұранысының артуына байланысты болып отыр.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm?lang=kk>
2. Ұлттық банк, URL: <https://www.nationalbank.kz/ru>
3. Солодов А.К. «Основы финансового риск-менеджмента»: учебник и учебное пособие // Солодов А.К. – М.: Издание Александра К. Солодова // Технический редактор Солодова Е.А.; корректор Нейц Е.А. // 2017 – 286 с.

УДК 336.71.078.3

РУКОВОДЯЩИЕ ИДЕИ УПРАВЛЕНИЯ ВНУТРЕННИМИ БАНКОВСКИМИ РИСКАМИ

Пасиницкий Д.В.

ассистент, Белорусский государственный экономический университет,

г. Минск, Республика Беларусь

E-mail: pdybgeu@gmail.com

Аннотация. Статья посвящена изучению целесообразности перспективных смещений в руководящих идеях управления внутренними банковскими рисками. На основе проведенного исследования автором предлагается пересмотреть текущее отношение к внутренним банковским рискам на концептуальном и методологическом уровне. Коррекция когнитивных искажений штатного персонала, с целью экстраполяции на повышение эффективности и устойчивости национальной банковской системы, является перспективным драйвером развития банковского дела.

Ключевые слова: внутренний банковский риск, реверсивные риски, чистые риски, когнитивные искажения, концепция.

Методы исследования - анкетирование, дедукция и синтез в верифицированное знание.

Целью исследования являлось установление факторов, влияющих на восприятие риска, а также отыскание путей формирования системы взглядов на основные проблемы, базовые принципы управления внутренними банковскими рисками.

Введение. Мировая пандемия COVID-19 и вызванная ей экономическая неопределенность заставили пересмотреть отношение ко многим догмам, ранее принятым на веру за непреложную истину.

Результаты исследования. В современной научной литературе, посвященной проблемам банковского дела, является дискуссионным вопрос развития понятийного аппарата системы классификации рисков. Отметим, что дефиниция «внутренние банковские риски» не является